



**Резидентура
білім беру
бағдарламасына
бойынша оқуға
қабылдау**



Резидентураға түсетін тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

Резидентураға жоғары білім мен интернатураны игерген адамдар қабылданады.

- 1. Резидентураға жоғары білім мен интернатураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдар қабылданады.*
- 2. Күнтізбелік жылдың 3-25 шілдесі аралығында қабылдау комиссиясы қабылдау емтиханына қатысу үшін резидентураға түсетін құжаттарды қабылдайды:*
 - 1) «ҚМУ» КеАҚ Басқарма Төрағасы – Ректордың атына өтініш (1-қосымша) (өтініште резидентураның бір білім беру бағдарламасы көрсетіледі);*
 - 2) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы және 2 көшірмесі);*
 - 3) үш тілде қосымшалары бар жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа және көшірме);*
 - 4) интернатураны бітіргені туралы куәлік (түпнұсқасы және көшірмесі);*
 - 5) шетелде медициналық білім алған адамдар өздерінің білімін тану және (немесе) «дәрігер» біліктілігін беру туралы құжатты ұсынады;*
 - 6) Денсаулық сақтау саласындағы маманның (дәрігердің) сертификаты (түпнұсқа және 2 көшірме);*
 - 7) неке қию туралы куәлік (бар болса) (түпнұсқасы және көшірмесі);*

- 8) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;
- 9) "Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабы 31) тармақшасына сәйкес бекітілген 075-нысан бойынша Медициналық анықтама;
- 10) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін, нотариус куәландырған көшірме);
- 11) Ғылыми жетістіктері бар портфолио (бар болса);
- 12) үміткердің толтырылған жеке карточкасы (2-қосымша);
- 13) 1 қағаз байланыстырғыш (картон), 1 конверт (22x11 см), файл (2 дана).



Жергілікті бюджет есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін үміткер келесі құжаттарды тапсырады

Оқуға түсушілер құжаттарды қабылдау комиссиясына 25 тамызға дейін тапсырады:

1. өтініш (еркін нысанда);
2. білімі туралы құжат (түпнұсқа);
3. түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резидентура үшін);
4. еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);
5. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

Конкурскешенді тестілеу балдарына сәйкес өткізіледі.